

Ертисова С.Б.

Болашақ педагог-психологтардың пенитенциарлық мекемелердегі жұмысқа даярлығының кәсіби бағыттылығы

Мақалада авторлар педагог-психологтарды пенитенциарлық мекемеде жұмыс жасауға даярлау мәселесін қарастырған. Көптеген авторлардың маман даярлауға байланысты тұжырымдарын талдау негізінде ұсыныстар береді. Сонымен қатар, педагог-психологтардың кіріктірілген мамандар ретіндегі бейнесін көрсетеді. Яғни, білім саласын қамтамасыз етуге байланысты қызмет түрі және тікелей оқытушылық қызметін бейнелейді. Соның негізінде олар нені үйрену қажет деген сұраққа жауап беруге тырысады. Сондай-ақ бұл мақалада болашақ педагог-психологтарды пенитенциарлық мекемелерде жұмыс жасауға кәсіби бағыттау үдерісін теориялық және практикалық тұрғыдан қарастырған. Мақалада «пенитенциарлық мекеме», «кәсіби бағыттылық» ұғымдарының мәнін ашылған. Жеке тұлғалық деңгейдегі кәсіби даярлық жеке бастың жеке тұлғалық қасиеттерінің көрінісі ретінде, кәсіби іс-әрекетке деген ұстанымын білдіретін, оның тиімді іске асуын қамтамасыз ететін, жеке тұлғаның моралдық-психологиялық қасиеттерінің қалыптасу үдерісі ретінде қарастырылады. Кәсіби даярлықты көптеген ғалымдар жеке тұлғаның іс-әрекеті тұрғысынан оның кіріктірілген сипаттамасы ретінде және олардың тұлғалық қасиеттерінің синтезі мен іс-әрекет барысында тұрақты жеке тұлғалық қасиетке айналатын психикалық жағдайы деп сипаттама береді. Болашақ педагог-психологтарды пенитенциарлық мекемелерде жұмысқа даярлаудың мазмұнын айқындалған. Зерттеу негізінде жоғары оқу орындарының кәсіби даярлау мазмұнымен байланыстырылған. Педагог-психологтардың жоғары ғылыми-әдістемелік даярлығы – оның кәсіби іс-әрекетіне қажетті қасиетіне тікелей байланысты. Сонымен қатар мақалада болашақ педагог-психологтарды пенитенциарлық мекемелерде жұмыс жасауға кәсіби бағыттылығын қалыптастыру үдерісінде қарастырылады.

Түйін сөздер: педагог-психолог, пенитенциарлық мекеме, кәсіби даярлық, кәсіби бағыттылық

Ertysova S.

Professional orientation of the work in prisons of the future teachers-psychologists

In the article authors examine a question at the makereadies of педагог-психологов in пенитенциарных establishments. On the basis of analysis of theory of many authors on preparation of specialists give to svoии recommendation. And also, show integrated activity of педагог-психологов as specialist in area of education and as a teacher. In this connection try to answer questions that they must know and that must be able.

As well as the author of the article theoretical and practical substantiation process of professional orientation of the future teachers-psychologists to work in prisons. Disclosure of the terms "prison", "professional orientation". content of training of future teachers-psychologists are also defined to work in prisons. Basically, the article examines the content of professional training in higher educational institutions. The high scientific and methodical readiness of the teacher-psychologist - in directly depends on the required professional significance. We discuss the formation of a professional orientation of future educational psychologists to work in prisons.

Key words: teacher-psychologist, пенитенциарная establishments, professional preparation, professional orientation

Ертисова С.Б.

Профессиональная направленность к работе в пенитенциарных учреждениях будущих педагог-психологов

В данной статье рассматривается вопрос о подготовке педагог-психологов к работе в пенитенциарных учреждениях. На основе анализа теории многих авторов по подготовке специалистов даются свои рекомендации, показывается интегрированная деятельность педагогов-психологов как специалистов в области образования и как преподавателей. В связи с этим автор пытается ответить на вопросы, что они должны знать и что должны уметь, а также анализировать теоретическое и практическое обоснование процесса профессиональной направленности у будущих педагогов-психологов к работе в пенитенциарных учреждениях. В статье раскрыта сущность понятий «пенитенциарное учреждение», «профессиональная направленность», определено содержание подготовки будущих педагогов-психологов на работу в пенитенциарных учреждениях, обсуждается процесс формирования профессиональной направленности у будущих педагогов-психологов к работе в пенитенциарных учреждениях.

Ключевые слова: педагог-психолог, пенитенциарные учреждения, профессиональная подготовка, профессиональная направленность.

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-
ПСИХОЛОГТАРДЫҢ
ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ
МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ
ЖҰМЫСҚА
ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ
КӘСІБИ
БАҒЫТТЫЛЫҒЫ****Кіріспе**

Педагог-психолог әртүрлі мекемелерде тәрбиелік іс-әрекеттермен айналысады. Сол мекемелердің бірі пенитенциарлық мекемелер және ол басқа мекемелерден жабықтығымен, аса қиындығымен ерекшеленеді. Болашақ педагог-психологтарды мұндай мекемелерде жұмыс жасауларына бірден бір даярлайтын пән, ол – пенитенциарлық педагогика. Өйткені ол заң бұзушылардың тәрбиесімен айналысатын педагогика ғылымының бір саласы. Бұл ұғым ғылыми айналымға ХХ ғасырдың 90-шы жылдары ендірілген, оған дейін еңбекпен түзету педагогикасы деп аталған. Аталмыш ұғымды Сібір университетінің профессоры И.Я. Фойницкий ұсынған, ол өзінің «Основах тюремного дела» еңбегінде (1889) жазаланушыларға жеке тәрбие қажеттігін айтып өтеді. Сонымен қатар кейіннен Н.Ф. Лучинскийдің «Очерках тюремного ведения» және С.В. Познышева, Д.А. Дриль, И. Кучинский, П.И. Люблинскийдің еңбектерінде жазаланушылардың рухани-адамгершілік, ақыл-ой, дене тәрбиесі мәселелері бойынша зерттеулер жүргізген [1]. Пенитенциарлық педагогика бірнеше басқа ғылымдармен байланыса отырып қызметін атқарады. Мысалы: Педагогика, Заң психологиясы, Криминология, Этика, Эстетика және тағы басқа.

Негізгі бөлім

Негізінен пенитенциарлық (қылмыстық-атқарушылық) жүйе (латынның *poenitentia* – өкіну (раскаяние)) деген ұғымынан туындаған. Қазіргі кезде жазаланушыларды тәрбиелеу мәселесі бойынша екі жақты көзқарас бар. Біреулер қылмыс жасау ол адамдардың туғаннан бойында бар, сондықтан түбегейлі түзету мүмкін емес дейді батыстық пенитенциарлық педагогика және психология өкілдері – А. Фейербах, Л.И. Гольман, антропологиялық тұрғыдан – Ч. Ломброзо және әлеуметтік мектеп өкілдері – Г. Спенсер, В. Джемс, Э. Торндайк, А. Комбс, К. Холлды жатқызуға болады. Ал екінші көзқарас өкілдері И.П. Павлов, А.С. Макаренко құқық бұзушылық қасиет бірте-бірте дұрыс емес тәрбие барысында, атап айтқанда әлеуметтік

жағдайға, қоршаған ортаның кері әсері негізінде қалыптастырылады және оны түзетуге болады деп санайды [2].

Ал осы педагог-психологтардың пенитенциарлық мекемелерде жұмыс жасауы үшін алдымен кәсіби бағыттылығы қалыптастыруы тиіс.

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерге жүргізген талдау кәсіби даярлық мәселесі әртүрлі деңгейлерде қарастырылатынын көрсетті: кәсіби даярлықты жеке тұлғалық деңгейде зерттеу З.И. Иванова [3], кәсіби даярлықты функционалдық деңгейде зерттеу И.Б. Готская [4], кәсіби даярлықты іс-әрекет теориясы тұрғысынан зерттеу Л.В. Сорокина [5], кәсіби даярлықты жеке тұлғалық және іс-әрекеттік деңгейде зерттеу О.А. Абдуллина [6], К.М. Дурай-Новикова [7], С.Л. Рубинштейн [8], С.П. Степанов [9].

Жеке тұлғалық деңгейдегі кәсіби даярлық жеке бастың жеке тұлғалық қасиеттерінің көрінісі ретінде, кәсіби іс-әрекетке деген ұстанымын білдіретін, оның тиімді іске асуын қамтамасыз ететін, жеке тұлғаның моралдық-психологиялық қасиеттерінің қалыптасу үдерісі ретінде қарастырылады. Психологтар К.К. Платонов [10], Д.Н. Узнадзе [11] кәсіби даярлықты шоғырландыруға (концентрациялауға) даярлық деп, яғни қажетті кезеңінде белгілі бір әрекеттерді іске асыруға бағытталған, жеке тұлғаның күш-жігерінің тез арада жұмылдырылуы деп түсіндіреді. Д.Н. Узнадзе даярлықтың нақты түрі ретінде ұтқырлықты зерттей отырып, оның пайда болуына «субъективті және объективті сипаттағы алғы шарттарға сұраныстың болуы және оны қанағаттандыратын жағдай болуы қажет» деп есептейді [11]. Ұтқырлықты іс-әрекеттердің психологиялық жаңа туындылары деп санауға болады. Эвристикалық деңгейде кәсіби даярлық уақытша даярлық және жұмысқа қабілеттілік деп қарастырылады, оның мәні – психикалық қызметтерді жұмысты бастау алдындағы іс-әрекетке енгізу болып табылады. Мысалы, О.М. Красноярецва кәсіби даярлықты мамандықтың адекватты көрініс табуы, кәсіби шеберлік, іс-әрекетті жүзеге асыру мақсатына қажетті физикалық және психикалық ресурстарды жұмылдыра білу деп қарастырады [12]. Іс-әрекет теориясы тұрғысынан кәсіби даярлық маманның кәсіби даярлығы үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Кәсіби даярлықтың негізгі компоненттеріне: теориялық және әдістемелік білімдер, кәсіби қолданбалы біліктіліктер, іс-әрекеттің осы түріне оң көзқарас жатады. Соңғы қасиет жеке тұлғаның іс-әре-

кетін жандандырудағы мотивтердің жетекші рөл атқаруы қағидасы тұрғысынан алғанда, негізгі қасиет ретінде атап көрсетіледі [13]. Кәсіби қолданбалы біліктіліктер теориясының категориясы ретінде бұл – интегративті жеке тұлғалық қасиет және кәсіби оқытудан кейінгі іс-әрекеттің тиімділігінің ең маңызды алғышарты. Жеке тұлғаның іс-әрекеттік деңгейдегі кәсіби даярлығы жеке тұлғаның барлық қырларының толық көрініс табуы ретінде, кәсіби қызметтерін тиімді атқаруға мүмкіндік жасайтын мотивтердің, қарым-қатынастардың, межелердің, жеке тұлғаның өз қасиеттерінің жүйесі ретінде, білімдердің, іскерліктері мен дағдылардың жинақталуы ретінде қарастырылады.

Кәсіби даярлықты көптеген ғалымдар жеке тұлғаның іс-әрекеті тұрғысынан оның кіріктірілген сипаттамасы ретінде және олардың тұлғалық қасиеттерінің синтезі мен іс-әрекет барысында тұрақты жеке тұлғалық қасиетке айналатын психикалық жағдайы деп сипаттама береді. Зерттеуші ғалымдар А.Ф. Балакирев [14], В.А. Слостенин [15] педагогтың тұлғалық субъективтік қасиеттерін және инновациялық іс-әрекетінің тиімділігіне ықпалын зерттей келе, оны жүзеге асыру кезеңінде, сонымен қатар, жаңалықты тарату кезеңінде де педагогикалық іс-әрекетке ықпал ететініне мән берген. Педагог-психологтардың білім беру саласында қызмет көрсететінін есепке алар болсақ, жаңа тұрпаттағы әрекет пенитенциарлық мекемелердегі жұмыс сипаты. Бұл оларды кәсіби даярлау барысында ескерілуі тиіс. Ғалымдар бұл мәселеде де өз ойларын, тұжырымдарын айтып өткен. Мысалы, А.П. Маркова болашақ мамандардың кәсіби даярлығын екі блок:

– кәсіби, психологиялық ұстанымдары, межелері; жеке тұлғалық ерекшеліктері сынды субъективтік сипаттамалар;

– кәсіби, психологиялық, педагогикалық білімдері; кәсіби біліктіліктері сияқты объективтік сипаттамаларға бөліп қарастырған [16]. Негізінен болашақ педагог-психолог мамандардың субъектілік қасиеттерінің құрылымын осы блоктарда ұсынылған сипаттамаларды басшылыққа алу керектігін құптауға болады.

Жоғары мектепте педагог-психологтарды даярлау барысында олардың субъективтік қасиеттерін анықтау және нақтылау барысында:

– педагогикалық іс-әрекеттегі емес, тек қана нақты педагог-психологтарды оқытуды жүзеге асыру барысындағы инновациялық іс-әрекетті жасау кезінде керекті субъективтік қасиеттерін;

– болашақ педагог-психологтардың тек қана ең басты субъективтік қасиеттерін анықтау мен нақтылау сияқты екі негізгі аспектіге сүйену керек деп тұжырымдай аламыз. Сонымен қатар, болашақ педагог-психологтардың субъективтік қасиеттерін анықтау мен нақтылау барысында оларды оқытуда инновациялық іс-әрекеттің өзіне тән ерекшеліктерінен туындайтын талаптарға сүйену керек. Мысалы:

– кәсіби оқытудың білім беру жүйесінің ерекшеліктерінен туындайтын;

– болашақ педагог-психологтардың инновациялық іс-әрекеттерінен туындайтын талаптар. Әрине бұлай бөлу шартты түрде (болашақ педагог-психологтардың көптеген субъективтік қасиеттері жалпы инновациялық іс-әрекеттер жасау барысында да, кәсіби оқытуды жүзеге асыру барысындағы инновациялық іс-әрекеттер жасау барысында да қажет), бірақ біз үшін болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығының мазмұнын қарастыру үшін қажет. Мұнда, болашақ педагог-психологтарға ғылым салаларының құндылығы неде, берілген пәннің ғылыми саласы, философиялық негіздері қандай екенін, алған білімдерін тәжірибеде, өмірде қалай және қай жерде қолдануға болатынын және т.б. анықтап, көрсету көзделеді. Яғни кәсіби даярлау жүйесінің болашақ педагог-психологтардың жеке тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптармен қатар оның пәндік-әдістемелік, практикалық даярлығына да белгілі бір талаптар қойылатыны белгілі. Сонымен, педагог-психологтың базалық кәсіби педагогикалық даярлығы маңызды болып табылады. Педагог-психологтардың жоғары ғылыми-әдістемелік даярлығы – оның кәсіби іс-әрекетіне қажетті қасиетіне тікелей байланысты.

Педагог-психологтар негізінен білім беру саласында қызмет көрсетеді, сонымен қатар, педагогикалық колледждерде пән оқытушысы ретінде мұғалімдік қызметті атқарады, сондықтан да бұл маман иелері кіріктірілген қызмет түрін атқарады. Яғни, білім саласына қызмет етушілерге қойылатын талаптармен қатар, мұғалімдерге қойылатын талаптарды да білулері, орындаулары шарт. Кәсіби даярлау жүйесіндегі болашақ педагог-психологтардың ең маңызды қасиеттерінің біріне оның енгізіліп жатқан жаңашылдыққа деген оң субъективтік көзқарасын жатқызуға болады. Зерттеуші-ғалым С.И. Краснов, егер болашақ педагог-психологтар ендіріліп жатқан жаңашылдықтың мән-мағынасын қабылдаса, онда инновациялық іс-әрекеттің әртүрлі жасанды имитациялары

пайда болады, дейді [17]. Кәсіби даярлау идеясын субъективті бағалауға болашақ мамандар кездесетін әртүрлі қиындықтар әсер етеді. А.Ф. Балакирев инновациялық іс-әрекеттердің барысындағы қиыншылықтарды педагогтың инновациялық іс-әрекетпен байланысты туындайтын белгілі бір мақсаттарға жету қажеттігі мен ол үшін қажетті мүмкіндіктердің және оны іске асыру жолдарының болмауы арасындағы қарама-қайшылықты түсінуі деп бағалайды.

Педагогтың кәсіби білімдері оның кәсіби іс-әрекетінің негізі болып табылады, педагогтың ой-санасында ұғымдар, заңдар, теориялар, қағидалар, заңдылықтар жүйесінің көрініс табуын көрсетеді. С.Б. Елканов барлық білімдерінің жүйесін педагог практикалық біліктіліктердің жүйесі арқылы іске асырады – бұл теориялық білімдерге негізделген және жеке тұлғаны дамыту міндетін шешуге бағытталған, бірінен соң бірі атқарылып отыратын іс-қимылдардың жиынтығы, деген анықтама береді [18]. И.А. Зимняя педагогтық іскерліктерді болашақ мұғалімдердің педагогтық бағыттылығымен және педагогтық ұстанымымен қатарластыра қояды. Осыған байланысты педагогтық іс-әрекеттердің жиынтығы әрқашан орталықтануды, бағыттануды көрсетеді және керісінше, педагогтық іскерліктері педагогтың жеке тұлғасын да, сонымен бірге оның іс-әрекетін және оқушылармен өзара әрекеттесуін де көрсетеді [19].

Кәсіби даярлықты зерттеудің әртүрлі ұстанымдарын теориялық тұрғыдан талдау бізге мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді: ғалымдар негізінен кәсіби даярлықтың үш құрамдас бөлігін атап көрсетеді: іс-әрекеттер жасауға деген сұраныс, белгілі білім қорының болуы және практикалық іскерліктерді меңгеру. Зерттеліп отырған феноменнің құрылымының бірнеше түрлерін талдай келе, біз болашақ мұғалімнің инновациялық педагогикалық идеяларды жүзеге асыруға кәсіби даярлығы бойынша С. Е. Царева жасап шығарған құрылымына тоқталдық. Бұл құрылымды ғалым «даярлық» = «тілек білдіру» + «білім» + «біліктілік» деген немесе «дайынмын» = «тілеймін» + «білемін» + «істей аламын» деген формуламен анықтайды. Бұл формула кәсіби даярлықтың үш аспектіні көрсетеді: ынталандырушылық аспект, немесе жеке тұлғалық; ақпараттық және іс-әрекеттік аспект [20]. Бұл ұстанымды біз болашақ педагог-психологтардың әртүрлі түзету мекемелерінде жұмыс жасауларының өз құрылымын құрастырып шығару үшін негіз етіп алдық.

М.С. Каганның жүйелік ұстанымның қағидаларына сүйене отырып [21], болашақ педагог-психологтарды оқытуды жүзеге асыруға кәсіби даярлығының құрылымы үш құрамдас бөліктен тұрады деп есептейміз:

1) мотивациялық – педагогтың кәсіби оқытуды жүзеге асыру үшін инновациялық іс-әрекеттер жасауда аса маңызды мотивтері мен

субъективтік сипаты;

2) ғылыми-теориялық – болашақ мұғалімдердің кәсіби оқытуды жүзеге асыруына қажетті білімдерінің жиынтығы;

3) іс-әрекеттік – кәсіби оқытудың міндеттерін практикалық түрде шешудің іскерліктері мен дағдыларының жиынтығы ретінде қарастырдық (1-кесте).

1-кесте – Болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығының құрылымы мен мазмұны

Мотивациялық	Ғылыми-теориялық	Іс-әрекеттік
оқытуды субъективті бағалау; педагогикалық бағыттылық; креативтілік; педагогикалық серіппелік; эмоциялық тұрақтылық; эмпатия	оқыту жүйесінде жұмыс істеуге қажет психологиялық-педагогикалық білімдер; оқыту жүйесінің ерекшеліктерін ескеретін арнайы білімдер	оқытуды жүзеге асыруда инновациялық іс-әрекеттердің міндеттерін шешуге қажет біліктіліктер тобын қалыптастыру; педагогтың бейіндік оқыту саласында қол жеткізген кәсіби табыстары

Тұтастық қағидасы бізді болашақ педагог-психологтарды пенитенциарлық мекемелерде жұмыс жасауына кәсіби даярлығының құрылымында жүйе құрайтын байланыстар мен қатынастарды бөліп көрсетуге бағыттайды, сонымен бірге ненің тұрақты, ненің тұрақсыз шама екенін, ненің басты, ненің екінші сатыдағы құбылыс екенін ашып алуға итермелейді. Бұл қағида болашақ педагог-психологтарды пенитенциарлық мекемелерде жұмыс жасауына кәсіби даярлығын бүтін жүйе ретінде қалыптастыруда жекелеген компоненттердің қосатын үлесін анықтауды талап етеді. Мотивациялық өлшемде болашақ педагог-психологтарды пенитенциарлық мекемелерде жұмыс жасауына кәсіби даярлығын қалыптастыру инновациялық іс-әрекеттерінің нәтижелілігіне өз әсерін тигізетін субъективті мінездемесінің қалыптасуынан көрінеді. Бұл компоненттің басты сипаттамасына оқыту жүйесінің болашақ педагог-психологтарды пенитенциарлық мекемелерде жұмыс жасауына педагогикалық бағыттылығы жатады. Оны біз берілген инновациялық іс-әрекеттерді жасауға ұмтылдыратын құндылықтардың, басты мотивтердің, қызығушылықтардың, сұраныстардың бейімділіктердің жүйесі деп түсінеміз.

Кәсіби бағыттаудың мақсаты мен міндеттері маман даярлаудың негізгі теориялары және әдіснамасына сүйене отырып жасалады. Теория мен әдіснамалық идеялар, көзқарастар маман даярлаудағы оқыту формалары, әдістері және ұстанымдары негізінде қалыптастырылады.

Біздің жағдайымызда педагог-психологтарда педагогикалық бағыттылық басымдылық көрсетуі тиіс, бұл мәселені зерттеген ғалымдар оны ұстаздық іс-әрекетінің құрылымы мен мазмұнына сәйкес педагогикалық бағыттылық, педагогикалық құзіреттілік, тіпті ақыл қызметінің икемділігі – интеллектуалды, мінез-құлық, эмоционалды икемділіктерден тұрады деп көрсетеді. Мысалға: Н.В. Кузмина, Я.А. Коломинский, Г.А. Томилова, С.А. Зимичева және тағы басқалар мұғалім, оқытушы мамандығына және осы іс-әрекет түріне болған эмоционалды-құндылық қатынас десе, Ф.Н. Гоноволин, А.И. Щербаков, В.А. Слостенин, В.Г. Леонтьев, А.А. Бодалев т.б. тұлғаның педагогикалық маңызды сапалар жиынтығы немесе педагогикалық қабілеттер жиынтығы дейді, ал Ю.Н. Кулюткин, Г.С. Сухобская, С.Г. Вершиловский, И.В. Фастовец, Л.М. Митина және басқалар мұны студенттердің дамуын рефлексиялы басқару деген тұжырым жасаған.

Кәсіби бағыттылық негізгі үш құрауыштан: «іс-әрекет», «мамандық», «бағдар» тұрады. Мұндағы «іс-әрекет» түсінігі философиялық сөздіктерде адамның спецификалық формасы табиғатқа қарым-қатынасын, оны саналы түрде өзгерту және пайдалану белсенділігі ретінде анықталады. «Іс-әрекет» ұғымының қарастырып отырған «кәсіби бағыттылық» ұғымымен байланыстырсақ, ол тек практика жағынан ғана емес, теориялық іс-әрекет ретінде, нақтылап айтсақ, белгілі бір білім дәрежесін ғана емес, сол


білімді меңгерудегі іс-әрекет реттілігінің ғылыми бағытын көрсетеді. Ал, «кәсіп» (лат. *professio* – белгілі бір іс-әрекеттің көрсеткіші, мамандық, *profiteer* – өзімнің ісім деп қарастырған) – белгілі бір еңбек іс-әрекеті.

Бағдар, бағыттылық түсінігі әр ғылымда әртүрлі түсінікпен сипатталады. Энциклопедияда бағыт (фр. *Orientation* – шығысқа көрсетеді, лат. *origens* – шығыс) тікелей мағынада түсіндіріледі. Демек, «бағыттылық» түсінігі маман болып қалыптасудағы негізгі атқаратын іс-әрекетінің бағытын көрсетеді.

Кәсіби бағыттылық теориясын кәсіптік бағдар берудегі іс-әрекеттің тиімді (эффективті) болуы

үшін, идеялардың және көзқарастардың өзіндік мағынасының көрінісі ретінде қарастыруға болады.

Кәсіби бағыттылық теориясындағы басты компонентіне маман даярлаудағы теориялар, заңдар, заңдылықтар, ұстанымдар жатады. Кәсіби бағдар беру іс-әрекетінің объектісі адамның өзін тануындағы әлеуметтік-кәсіптік процесс болғандықтан, біріншіден ұстаным топтарын жинақтап аламыз. Басқарылып отырған студент жастардың қоғамның әлеуметтік құрылымында өзінің мамандығына даярлығы оның кәсіби бағыттылығының мазмұнын айқындайды. Осыған байланысты кәсіби бағыттаудың ұстанымдарын төмендегідей топтастыруға болады.



1-сурет – Кәсіби бағыттаудың ұстанымдарының топтастырылуы

Мұндағы танымдық ұстаным. Мамандыққа даярлаудағы еңбек іс-әрекетіндегі тек өзінің ғана қызығуын емес қоғамға пайда келтіруде қанағаттандыратын ұмтылыста айқын көрінеді.

Сай келушілік ұстанымы. Қызығушылығы, икемділігі, ынтасы, таңдаған мамандығы, сонымен қатар қоғамның жалпы қажетті мамандықтағы кадрларға сұранысын қанағаттандыру. Маман даярлауда қоғам сұранысын есепке алу. Тұлғаның және қоғамның қажеттіліктерінің сай келу принципінің бұзылуы кадрлардың кәсіптік құрылымындағы тепе-теңсіздікке алып келеді.

Белсенділік (активность) ұстанымы. Маман болып қалыптасу барысында өзін-өзі тану процесіндегі тұлғаның іс-әрекет түрінің сипатталуы. Кәсіпті белсенді түрде әркім өзі іздеуі қажет. Келесі ұстаным – даму. Бұл ұстаным кәсіби бағытталу үдерісінде тұлғаның біліктілігінің, құзыреттілігінің дамуына, тәжірибесінің өсуінен жалақысының өсуінен және кәсіптік тәжірибесінің өсуінен, қоғамдық жұмысына белсене араласуынан, тұлғаның мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыратынын, тұрғын үйге, демалысқа және т.б. қажеттілігінен көрініс табады.

Кәсіби бағыттылықтың тәрбиелік сипаты. Кәсіптік бағдар жұмысының еңбектік, эконо-

микалық, танымдық, эстетикалық, құқықтық және физикалық тәрбиесі бірлігінде гармониялық тұлғаны қалыптастыру тапсырмасымен жүзеге асады.

Кәсіби білімдердің іс-әрекетке енуі, оларды практикалық іс-әрекетте қолдану көп жағдайларда болашақ мұғалімнің іскерліктері мен дағдылар кешенін меңгеруімен (автоматтандырылған біліктіліктермен, осы білімдердің негізінде қалыптасатын педагогикалық технологиялар мен техникалармен) анықталады. Сонымен *кәсіби бағыттылық дегеніміз* – білім алушының нақты атқаратын іс-әрекетіне қажетті кәсіби қасиеттерді меңгеруі және сол әрекетке қызығушылығының туындауы. Кәсіби бағыттылық тұлғаның әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан пісіп жетілуі, яғни өзін-өзі жүзеге асыра (самореализация и самоактуализация) алуы. Педагог-психологтардың жұмысқа кәсіби даярлығы кәсіби бағыттылыққа тікелей байланысты. Мұндағы жұмысқа *кәсіби даярлық дегеніміз* белгілі бір мамандықтың атқаратын қызметінің мазмұнына сай теориялық, әдістемелік және практикалық тұрғыдан маман даярлау үдерісі мен арнайы кәсіби қабілеттер мен құзыреттіліктерді меңгерту.

Әдебиеттер

- 1 Педагогический энциклопедический словарь. – М., 2012. – 617 с.
- 2 Аминев Г.А. и др. Инструментарий пенитенциарного психолога. – 2-е издание – Уфа, 2007. – 168 с.
- 3 Иванова С.П. Учитель XXI века: Психологический подход к анализу профессионально-личностной готовности к педагогической деятельности / С.П. Иванова. – Псков: ПГПИ им. С.Е. Кирова, 2002. – 128 с.
- 4 Готская И.Б. Маркетинговое проектирование методической системы обучения информатике студентов педвузов: моногр./ И.Б. Готская. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 1999. – 114 с.
- 5 Сорокина Л.В. Формирование готовности студентов среди специальных учреждений к обеспечению безопасности жизнедеятельности: автореф. дисс.докт.пед. наук. / Л.В. Сорокина. – Самара, 2006. – 20 с.
- 6 Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования / О.А. Абдуллина. – М.: Просвещение 1990. – 139 с.
- 7 Дурай-Новакова К.М. Формирование к профессиональной готовности к деятельности / К.М. Дурай-Новакова. – М.: Просвещение К.Л. Риккера. – 1983. – 356 с.
- 8 Рубинштейн С.Л. Педагогические условия освоения учителями идей гуманитаризации образования в системе повышения квалификаций: автореф. дисс.канд.пед. наук. / С.Л. Рубинштейн. – Волгоград, 2004. – 21 с.
- 9 Степанов С.П. Подготовка будущих учителей к организации профильного обучения: Дисс.канд.пед.наук.13.00.08. – Чебоксары, 2006. – С.54.
- 10 Платонов К.К. Система психологии и теории отражения / К.К. Платонов. – М.: Мысль, 1982. – 312 с.
- 11 Узнадзе Д.Н. Общая психология / Д.Н. Узнадзе; перевод с груз. Е.Ш. Чомахидзе; под ред. И.В. Имедадзе. – СПб.: Питер, 2004. – 413 с.
- 12 Краноярцева О.М. Особенности профессионального мышления в условиях психодиагностической деятельности / О.М. Краноярцева. – Барнаул: БГПУ, 1998. – 112 с.
- 13 Чудновский В.Э. Личностная модель труда учителя / В.Э. Чудновский //Вопр. психологии. – 1999. – №2. – С. 107-110.
- 14 Балакирев А.Ф. Затруднения учителей в инновационной деятельности: автореф. дисс.канд.пед. наук. / Балакирев А.Ф. – Шуя, 2000. – 23 с.
- 15 Слостенин В.А. Профессиональная готовность учителя к воспитательной работе / В.А. Слостенин // Процесс подготовки учителя в системе высшего.
- 16 Маркова А.К. Психология профессионализма / А.К. Маркова. – М.: Просвещение, 1996. – 308 с.
- 17 Краснов С.И. Нормы социального проектирования и имитации инновационной деятельности / С.И. Краснов // Проблемы проектирования в работах аспирантов ИПИ РАО за 1994 г. – 1995. – С.59-64.
- 18 Елканов С.Б. Основы профессионального самовоспитания будущего педагога / С.Б. Елканов. – М.: Просвещение, 1989. – 189 с.
- 19 Зимняя И.А. Педагогическая психология: учебник для вузов / И.А. Зимняя. – М.: Логос, 2001. – 384 с.
- 20 Царева С.Е. Подготовка учителя к гуманитаризации школьного образования / С.Е. Царева // Вопросы совершенствования профессиональной подготовки учителя на современном этапе развития высшей школы: сб.науч. тр. – Новосибирск, 1997. – С.103-117.
- 21 Каган М.С. Системный подход и гуманитарное знание. Избранные статьи / М.С. Каган – Л.: Изд-воЛГУ, 1991. – 384 с.

References

- 1 Pedagogichecky entsiklopedichecky slovar. – Moskva, 2012. – 617 pg.
- 2 Aminev G.A. et al. Instrumentary penitentsiarnogo psihologa. 2-e izdanie – Ufa, 2007. – 168 c
- 3 Ivanova S.P. Uchitel XXI veka: Psixologichecky podxod k analizy profecionalno-lichnostnoy gotovnosti k pedagogicheskoj deyatelnosti / С.Р. Ivanova. – Pckov: PSPI them. С.Е. Kipova – 2002. – 128с.
- 4 Gotckaya I.B. Marketingovoe proektipovanie metodicheskoy sistemy obyчениya informatike studentov pedvyzov: monogr. I.B. Gotckaya – SPb.: Izd PGPU. A.I. Geptsena, – 1999. – 114с.
- 5 Sorokina L.V. Formirovanie gotovnosti studentov sredi spetsialnyx ychrezhdeny k obespecheniyu bezopasnosti zhiznedeyatelnosti: avtopref. diss.dokt.ped. nayk. / L.V. Sorokina – Samara – 2006g. – 20с.
- 6 Abdyllina O.A. Obshepedagogicheckaya podgotovka uchitelya v sisteme vycshego pedagogicheckogo obpazovaniya / O.A. Abdyllina – М.: Proeveschenie 1990. – 139с.
- 7 Dypay-Novakova K.M. Formirovanie professionalnoy gotovnosti k deyatelnocti / K.M. Dypay-Novakova – М .: Proeveschenie K.L. Pikkepa. – 1983. – 356с.
- 8 Rybinshteyn C.L. Pedagogicheckie usloviya osvoeniya uchitelyami idey gymanitarizatsy obrazovaniya v sisteme povysheniya kvalifikatsy: avtopref. diss.kand.ped. nayk. / C.L. Pybinshteyn -Vologpad – 2004g. – 21с.
- 9 Stepanov C.P. Podgotovka bydyschix uchiteley v opganizatsii profilnogo obyчениya: Diss.kand.ped.nayk.13.00.08.-Cheboksary, 2006.– С.54.
- 10 Platonov K.K. Sistema psihologii i teorii otrazheniya / K.K. Platonov – М.: Mycl 1982 – 312 с.
- 11 Uznadze D.N. Obschaya psixologiya / D.N. Uznadze; pepevod c gpyz. E.SH. Chomaxidze; ped. IV Imedadze. – SPb .: Pitep. – 2004. – 413с.
- 12 Kраноярtseva O.M. Osobennosti professionalnogo myshleniya v usloviyah psixodiagnocticheskoy deyatelnosti / O.M. Kраноярtseva – Barпayl.: BSPU – 1998g. – 112с.

- 13 Chydovcky V.E. Lichnostnaya model truda uchitelya / V.E. Chydovsky // Vopp. psixologii. – 1999 – №2 – С. 107-110
- 14 Balakipev A.F. Zatyrdniya uchiteley v innovatsionnoy deyatelnosti: avtoref. diss.kand.ped. nayk. / Balakipev A.F. – Shyya – 2000g. – 23с.
- 15 Clactenin V.A. Professionalnaya gotovnost uchitelya k vospitatelnoy rabote / V.A.Clactenin 16. Mapkova A.K. Psihologiya professionalizma / A.K.Mapkova – M.: Procveschenie 1996. – 308с.
- 17 Kpasnov S.I. Nopm sotsialnogo proektirovaniya i imitatsii innovatsionnoy deyatelnocti / S.I. Krasnov // Problemy proektirovaniya v rabotax aspirantov FPI PAO za 1994. – 1995g. – С.59-64
- 18 Elkanov C.B. Osnovy professionalnogo samovospitaniya bydyshego pedagoga / C.B. Elkanov -M .: Procveschenie -1989g. -189с.
- 19 Winter I.A. Pedagogicheckaya psixologiya: uchebnik dlya vyzov / I.A. Winter -M .: Logoc -2001g. – 384с.
- 20 Tsapeva C.E. Podgotovka ychitelya to gumanitarizatsii shkolnogo obrazovaniya / C.E. Tsapeva // Voprosy sovepshenctvovaniya professionalnoy podgotovki ychitelya na sovremennom etape razvitiya vycshey shkoli: cb.naych. TP. – Novocibipck – 1997g. – С.103-117.
- 21 Kagan M.C. Sistemny podxod i gumanitarnoe znanie. Izbrannye ctati / M.C. Kagan – A.: Publishing house of the Volga – 1991g. – 384с.